




Тазалықты сүйетін кішкентай Айдар

АРУ АДІЛХАН





Кішкентай Айдар ойнағанды өте жақсы көреді, бірақ бөлмесін жинауды үнемі ұмытып кетеді. Еденде машиналар, аюлар мен текшелер шашылып, үстел үстінде тамақ қалдықтары жатыр. Айдар қолына балмұздақ ұстап, үсті-басын малшып, ойыншықтардың арасымен өтіп бара жатты.



Түн батты, қараңғы бөлмеге тек айдың жұмсақ сәулесі түсіп тұр. Айдар төсегінде тәтті ұйқыға батқан кезде, бөлмедегі заттар тіріліп, бір-біріне мұңын шаға бастады. Киімдер, қызыл машина мен жұмсақ аю шаң басып, кірлегендеріне қатты ренжіді.



Таңертең Айдар көзін ашқанда, бөлмесінде ғажайып қонақтарды көріп таңғалды. Оның алдында күлімдеген Сиқырлы Сабын, мөлдір таза суы бар құман және аппақ Көрпеше пайда болды. Олар Айдарға мейіріммен қарап, бөлмесін тазалауға көмектесуге келгендерін айтты.



Айдар өзінің қателігін түсініп, бөлмесін ретке келтіруге қуана кірісті. Ол еденде шашылып жатқан ойыншықтарды мұқият жинап, үлкен қорапқа салды. Текшелер мен машиналар өз орнын тапқанда, бөлме бірден кеңейіп сала берді.



Бұдан кейін Айдар орындықта үйіліп жатқан кір киімдерді жинады. Ол дақ түскен көйлегі мен шалбарын кір жуатын себетке әдемілеп салды. Киімдер де қуанып, Айдарға алғыстарын білдіргендей болды.



Заттарын жинап болған соң, Айдар Сиқырлы Сабынмен бірге жуынатын бөлмеге бет алды. Раковинаның қасында тұрып, қолына сабын жағып, көбікті көпіршіктер жасап ойнады. Мөлдір таза сумен қолы мен бетін мұқият жуды.



Айнаға қараған Айдар өзінің тап-таза, жарқын бейнесін көріп қатты қуанды. Ол жүзіндегі балмұздақ дақтарынан арылып, нағыз ұқыпты балаға айналды. Енді оның өзі де, үстіндегі киімі де тап-таза еді.



Айдар қайтадан жатын бөлмесіне оралып, ұйпа-тұйпа болып жатқан төсегін жинауға кірісті. Аппақ Көрпешені тегістеп жауып, жастықты әдемілеп қойды. Төсек бірден жаңарып, тап-таза болып шыға келді.



Енді бөлмені тану мүмкін емес еді: барлық ойыншықтар сөреде тізіліп тұр, еден жарқырап, бөлмеге күн сәулесі толды. Жұмсақ аю мен қызыл машина өз орындарында қуанышты түрде күлімдеп тұрды.



Содан бері Айдар бөлмесін де, өзін де әрқашан таза ұстауды әдетке айналдырды. Ол сүйікті ойыншықтарының жанында тұрып, «Тазалық — денсаулық кепілі!» деп шаттана айтты. Барлық заттар Айдардың ұқыпты бала болғанына дән риза еді.